



Сыр бойы

10 тамыз, сенбі 2024 жыл



№122-123 (20796-20797)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

АЛТЫНШЫ КЕЗДЕСУ және АЛДАҒЫ МАҚСАТ

Кеше Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі кеңейтілген құрамда жалғасты. Жиынға құрметті қонақ ретінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев және БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі, Орталық Азия бойынша превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталығының басшысы Каха Имнадзе қатысты.

Мемлекет басшысының айтуынша, Консультативтік кездесудің алтыншы рет өткізілуі тараптардың бауырлас халықтар арасындағы ғасырлар бойына жалғасқан достық байланысты нығайтуға, көпжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге және халықаралық аренадағы ықпалдықты күшейтуге бейлді екенін көрсетеді.

– 2018 жылы Астанада өткен алғашқы кездесуден бері бірлескен күш-жігердің арқасында бұл жиынның дамуында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Бұған өңірлік ынтымақтастықты арттыру бойынша маңызды шешімдер қабылданған бұрынғы бес саммиттің қорытындылары айқын дәлел, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әлемдегі күрделі үдерістер жағдайында өңірлік ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету жөнінде ортақ ұстаным қалыптастыру маңызды деп санайды.

– «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарттың» мәні артып келеді. Мемлекеттеріміз көпжақты құрылымдар, ең алдымен, БҰҰ аясында ортақ ұстанымдарға сүйене отырып әрекет етуге тиіс. Елдеріміз әлеуетін біріктірсек, біз Орнықты даму мақсаттары саласындағы күн тәртібін жүзеге асыруға елеулі үлес қоса аламыз. Осы маңызды мақсатқа қолдау ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жылдығы қарсаңында Орталық Азияда орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарын қабылдау жөнінде бастама көтеруді ұсынамын. Біріккен Ұлттар Ұйымының жоғары лауазымды өкілі, құрметті Каха Имнадзе мырзаның осы саммитке қатысуы игі дәстүрге айналды, «Орталық Азия – БҰҰ» бағытындағы тығыз ықпалдастыққа жол ашады деп үміттенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент көпжақты ынтымақтастықтың берік экономикалық негізін қалыптастыру кезек күттірмейтін міндеттің бірі деп есептейді.

– Орталық Азия елдерінде өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту үшін мүмкіндік мол. Экология және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы ықпалдастық аса маңызды. Барлық ел ұқсас сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Сондықтан өзара ықпалдастықты кеңейтудің, үйлесімді жұмысты күшейтудің және климаттық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәжірибе алмасудың мәні зор. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Әзербайжан Президенті, құрметті досымыз Ильхам Гейдар оғлының биыл күзде COP29 жаһандық климаттық конференциясын табысты өткізуіне тілектестік білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның өңірлік ынтымақтастықты жан-жақты нығайту жолындағы стратегиялық бағдары өзгермейтін рәстасы. Сондай-ақ бүгін қабылданған шешімдер және оның алдағы уақытта тиімді жүзеге асырылуы ғасырлардан тамыр тартатын достық пен өзара қолдау рухындағы көпжақты серіктестігімізді одан әрі тереңдетуге септігін тигізетініне сенім білдірді.

Жиында Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев пен БҰҰ-ның Орталық Азия бойынша превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталығының басшысы Каха Имнадзе сөз сөйледі.

Саммит соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Консультативтік кездесудің төрағасы ретінде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының атынан Әзербайжан Президенті Шавкат Мирзиёевті Құрмет белгісімен марапаттады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕНЕССАНСЫ: ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ



I. ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ОРТАҚТЫҒЫ

Орталық Азия аймағы сан ғасырдан бері біртұтас геосаяси және рухани кеңістік ретінде белгілі. Бұл – табиғи ресурсы мен адам капиталы мол, мәдени-тарихи мұрасы бай өңір.

Көшпелі және отырықшы өмір салтының үндестігі мұндағы шаруашылық жүйенің негізі болып қана қоймай, аймақтың өзіндік саяси-құқықтық мәдениетін және кез келген өзгеріске бейімдігімен, тәзімділігімен ерекшеленетін құндылықтар жиынтығын қалыптастыруға ықпал етті. Орталық Азия кеңістігі сан алуан империяның құрылғанына, ыдырағанына, саяси және экономикалық модельдердің табиғи жолмен дамығанына куә болды, бірақ өзіне тән бірегейлігін сақтап қалды. Халықтарымыз ежелден түрлі өркениетпен тіл табысып, қарым-қатынас орната білді. Соның арқасында бұл аймақ өзінің этномәдени және рухани ерекшелігін сақтай отырып, Ұлы Жібек жолының және тұтастай алғанда үлкен Еуразия тарихында шешуші рөл атқарды.

Дамудың жаңа тарихи кезеңінде елдеріміз көптеген сынақ пен қиындықты бастан өткерді. Дегенмен Орталық Азия республикалары «қалыптаспаған мемлекеттердің» қатарына немесе failed states деп аталатын топқа қосылды деген пессимистік болжам расталған жоқ. Аймақтағы елдер өздерінің қалыптасқан дербес мемлекет екенін дәлелдеп, халықаралық қауымдастықтағы лайықты орнын алды. Халықтарымыздың бірлігі мен даналығының арқасында біз өзіндік аумақтық тұтастығымызды, еркіндігіміз бен егемендігімізді нығайттық.

Бүгінде өңірдегі әрбір елдің мемлекеттік құрылысы, нарықтық экономиканы дамыту, мәдени мұрасын қалпына келтіру, ұлттық бірегейлігін қалыптастыру ісінде өзіндік тәжірибесі бар десек, артық айтқандық емес.

Қоғамдық және мемлекеттік институттар жаңғыртылды. Дамыған инфрақұрылым мен өнеркәсіп желісі құрылды, мыңдаған шақырым жаңа теміржол мен автокөлік жолы салынды, маңызды әлеуметтік нысандар бой көтерді. Біздің ашықтық пен жаңару жолындағы бағытымыз ұлттық экономикаларымыздың дәйекті түрде өсуін және олардың әлемдік экономикалық қатынастарға ықпалдасуын қамтамасыз етті. Білім беру, денсаулық сақтау және зейнетақы жүйелерінің жоспарлы дамуы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының айтарлықтай жақсаруына септігін тигізді.

Өңірдегі мемлекетаралық қатынастар да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Елдеріміздің арасында барлық деңгейде сындарлы екіжақты және көпжақты диалог жолға қойылды, өзара тиімді ынтымақтастық дамып келеді. Осыған дейін аймақтағы қарым-қатынасты жан-жақты дамытуға кедергі келтіріп, қайшылық туғызған мәселелерді шешу жолындағы жетістіктеріміздің мән-маңызы зор.

Су-энергетика саласында өзара тиімді шешім табуға қатысты табыстарымызды жоғары бағалауға болады. Мемлекеттік шекараларды делимитациялауға, шекарадағы өткізу бекеттерінің жұмысын жетілдіруге, көлік қатынасын кеңейтуге, жаңа бағыттарды іске қосуға және азаматтардың барыс-келісін жеңілдетуге қатысты мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге қолайлы жағдай жасалып отыр. Өңірдің ұзақмерзімді

қауіпсіздігін және өркендеуін қамтамасыз ету үшін күш біріктіру жолындағы іс-қимылдар да тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағыттан айнымасымыз анық.

Бүгінгі таңда бес мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынастар нақты мазмұнға ие болып, терең стратегиялық әріптестік пен одақтастық деңгейге көтерілді. Орталық Азия мемлекеттері сыртқы саяси қарым-қатынаста өзінің салмақты стратегиясын жасай алды. Бұл қадам еларалық және өңіраралық мүдделер тепе-теңдігін сақтап, елдеріміздің жаһандық үдерістерге толыққанды қатысуына жол ашты.

Орталық Азия елдері ТМД, ШЫҰ, АӨСШК, ЭЫҰ, ЕАЭО, ТМҰ және басқа да табысты әрі ықпалды ұйымдардың құрылтайшысы ретінде бейбітшілікті жақтайтын мемлекеттер екенін дәлелдей отырып, өзінің идеялары мен жобаларын көпжақты құрылымдарда белсенді түрде ілгерілетіп келеді. Міне, осының бәрі «Орталық Азия бестігі» Еуразия құрлығының төрінде тұрақты дамып келе жатқан бақауатты елдер деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді.

Ортақ тарихымыз, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достығымыз бен тату көршілік дәстүріміз бауырлас халықтарды бұрынғыдан да жақындастыра түсетін мызғымас тұғыр болып қала беретіні анық.

II. ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙМАҚТЫҢ РӨЛІ

Орталық Азия мемлекеттері мен халықтары географиялық орнына байланысты ғасырлар бойы бірін-бірі мәдени жағынан байытуға және

күрлықта өркениетаралық диалог орнатуға ықпал етті, бейбітшілік пен өзара түсіністікті сақтау ісіне қомақты үлес қосты. Орталық Азия қазір де осы ізгі әрі жауапты миссиясын табысты жағастырып келеді.

Біздің мемлекеттеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының маңызды қарарларының тең авторлары атана отырып, жаһандық орнықты даму, жалпыға бірдей қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, өңірлік және халықаралық құрылымдар аясында бір-біріне қолдау көрсету сияқты мәселелер бойынша ортақ ұстанымнан айныған емес.

«ОА плюс» форматындағы жаңа диалог орындарының пайда болуы Орталық Азияның халықаралық саясат субъектісі ретіндегі саяси салмағы арта түскенін аңғартады. Осыған дейін мұндай форматта 9 саммит және жоғары деңгейдегі кездесу өтті. Кейінгі екі жылда «ОА – РФ» (Астана), «ОА – ҚХР» (Сиань), «ОА – АҚШ» (Нью-Йорк), «ОА – ГФР» (Берлин) бірінші саммиттері, ОА және Еуропалық Одақ мемлекеттері басшыларының екі кездесуі (Астана, Шолпан-Ата), «ОА – ПШАМЫК» (Жидда) бірінші саммиті, сондай-ақ «ОА – Үндістан» саммиті (онлайн форматта) өткізілді. Биыл Астанада алғаш рет «ОА – Жапония» саммиті өтеді.

Осы форматтағы өзара ықпалдастыққа басқа да елдер, халықаралық ұйымдар қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Осылайша, өңірдің әлемдік арена субъектісі ретіндегі орнын бекітуге маңызды қадам жасалып жатыр.

Жаңғыртуға және озық білімге ұмтылумен қатар, дәстүрлі құндылықтарды ұстану жолы – Орталық Азияның даму бағдары. Сөйтіп, біздің аймақ жаңарып жатқан халықаралық жүйенің дербес әрі ықпалды мүшесіне айналып келеді. Бүгінде біз халықаралық геосаяси және геоэкономикалық өзгерістердің Еуразиядағы орталығы ретіндегі рөлімізді нығайтуды көздеп отырмыз.

Өңірдің экономикалық салмағының арта түсуі, инновациялар үшін ашық болуы және зияткерлік әлеуеті оның кезіргі заманғы әлемдік құрылымының негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналуына мүмкіндік беретін алғышарттарды қалыптастырады. Біздің мемлекеттеріміздің бұған қажетті барлық ресурсы мен мүмкіндігі бар.

Сыртқы әріптестерімізбен бірлесіп жүргізетін өңірлік жобалар аясындағы ортақ ұстанымдарымызды диалог алаңдарында жан-жақты ілгерілету үшін күш біріктіру мәселесі ерекше назар аударуға лайық.

Орталық Азияны Еуропа мен Азияның арасындағы көпір ретінде ғана емес, халықаралық қатынастар саласында жаһандық деңгейдегі жаңа орталыққа айналуға қабілетті жеке ойыншы ретінде танытатын уақыт келгеніне сенімдімін.

/// 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҮНДЕЙТІН ЖАРАСЫМДЫ СӘТ

12 тамыз – Халықаралық жастар күні. Бұл күнді БҰҰ Бас Ассамблеясы, жастар ісі бойынша министрлердің 1998 жылы 8-12 тамызда Лиссабон қаласында өткен Бүкіләлемдік конференция жасалған ұсынысы бойынша бекіткен.

Бұл күнді атап өту жастар мүддесін қорғауға арналған. 2015 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданып, жастардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайды. Сол арқылы жастардың саны 3,7 млн-нан 6 млн-ға артты. Мұнан бөлек, 2029 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты туралы тұжырымдама қабылданып, онда жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, заманауи құндылықтар мен патриоттық тәрбие, салауатты өмір салты, NEET санатындағы жастар үлесін төмендету, сондай-ақ, ауыл жастарын қолдау мәселелері қарастырылған.

6-бет

/// СҰХБАТ

НЕСИЕ ТӨЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024 жылдың 1 сәуіріндегі дерегіне сүйенсек, жалпы тұтынушылық қарыз сомасы 14,2 трлн теңгеге жетіп отыр. Елімізде 8,4 млн адам тұтынушылық несие алған. Ал 1,5 млн адам банк алдындағы борышын уақытылы төлей алмай жүр.

Рас, қазір екінші бірінші басында несие бар десек болады. Көбі оны төлей алмаған жағдайда неге әкеп соғарын ойлай бермейді. Мұны бір жағынан мәжбүрлік деуге келетін шығар. Әйтсе де, қарыз мәселесінде төлем қабілетіне, зардабына бас қатыра бермейміз. Заңгер Нұрсұлтан Байменовпен сұхбатымыз жауапкершілігі зіл батпан несие төңірегінде өрбіді.

6-бет

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕНЕССАНСЫ: ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫ

III. ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Алдағы он жыл біздің аймақтың болашағын айқындайтын кезең болатыны айдан анық. Осы тарихи мүмкіндікті қаншалықты тиімді пайдалана алатынымыз тек өзімізге байланысты.

Жаһандық геосаяси ахуал аумалы-төкпелі болып тұрған қазіргі кезде біз өңірде өзара сенімге және ортақ әрі біртұтас қауіпсіздікке негізделген кеңестік құрылымды, өңірлік ықпалдастыққа бөгет кедергілерді жойдық, көп қырлы ынтымақтастығымызды жоғары сапалы деңгейге шығаратын тұғыр қалыптастырдық.

Қазақстан бүгінде Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдерімен одақтас қатынас орнатып, Түрікменстанмен стратегиялық әріптестікті дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Халықтарымыздың өзара жақын болуға ұмтылысы барлық деңгейдегі байланыстың күшеюінен де көрінеді. Мемлекет басшыларының бір-біріне жиі сапарлап, тұрақты кездесуі парламентаралық, үкіметаралық және ведомстваралық байланыстарды тереңдетуге тың серпін берді.

Белсенді саяси диалог пен ізгі ниет бесжақты ықпалдастықты дамыту ісінде маңызды ұйыстырушы факторға айналды. Өңірдегі мемлекеттер бір-біріннің тәуелсіздігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын құрметтеу, келіспеушіліктер туындай қалса оны бейбіт жолмен шешу сияқты іргелі қағидаларға негізделген ынтымақтастықтың Орталық Азияға ғана тән бірегей үлгісін қалыптастырды.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Астанада, Ташкентте, Түрікменбашида, Шолпан-Атада, Душанбеде бес консультативтік кездесуі болды. Соның нәтижесінде өңірлік ықпалдастық барынша тереңдеп, кеңейіп түсті. Тіпті бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп, интеграциялық үдерістер дәйекті, жүйелі және ең бастысы, үздіксіз сипатқа ие болды десем, артық айтқандық емес.

2018 жылы Астанада өткен алғашқы кездесуде өңірдегі бес елдің ықпалдастығына қатысты негізгі бағыттар айқындалды. Соның арқасында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы байланыстар жандана түсті.

2019 жылы Ташкенттегі екінші кездесуде Орталық Азия көшбасшылары өңірлік ықпалдастықты нығайта түсетін болашағы зор бірқатар бастама көтерді. Атап айтқанда, Қазақстан XXII ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа қол қою, сондай-ақ өңір елдерінің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының тұрақты кездесуін өткізу қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. Саммиттерді өткізу регламентінің қабылдануы басқосудың маңызды нәтижесі болғаны даусыз.

2021 жылы Түрікменбаши қаласындағы үшінші саммит өте мазмұнды өтті. Мемлекет басшылары Парламентаралық форум мен Жастар форумын шақыру, Іскерлік кеңес құру туралы бастама көтерді. Консультативтік кездесулер символикасының бекітілуі де айтулы кадам.

2022 жылы Шолпан-Атада өткен төртінші кездесудің басты саяси қорытындысы ретінде XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бесжақты шартқа қол қою рәсімнің басталуы, сондай-ақ Орталық Азияның «Жасыл күн тәртібі» бағдарламасының және көпжақты форматтар аясындағы ықпалдастық тұжырымдамасының бекітілуін айтуға болады.

2023 жылы Душанбедегі мерейтойлық бесінші кездесуде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерінің форматын институттандыру жолында алғашқы қадам жасалды. Елдердің көшбасшылары Ұлттық үйлестірушілер кеңесін (Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері істері бойынша) құру туралы шешім қабылдады.

Астанадағы алтыншы консультативтік кездесуде көлік саласындағы ведомство басшыларының басқосуы одан әрі жалғасалды, энергетика министрлерінің алғашқы кездесуі болды. Сондай-ақ өңірдегі мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдарына және ақпарат мәселелеріне жауапты министрлері мен өзге де лауазымды тұлғаларының кеңесі өтеді.

Жалпы алғанда, жоғары деңгейдегі жүйелі кездесулер барлық бағыт бойынша бірлескен жұмысқа елеулі серпін берді. Өңірлік ынтымақтастықты дамытуға арналған жол карталарының қабылдануы бұған зор септігін тигізді. Оларға ықпалдастықты нығайту жөніндегі нақты іс-шаралар енгізілген. Соның нәтижесінде, аймақта сауда-экономикалық және іскерлік байланыстары арқылы жаңаданды. Орталық Азия аумағы тарих тұрғысынан қарағанда тым қысқа мерзім ішінде сауда, инвестициялық және көлік-коммуникациялық әлеуеті жылдам артып келе жатқан өзара тиімді ынтымақтастық кеңістігіне айналды.

Кейінгі 5 жылда (2018-2023 жылдар) өзара сауда айналымы 2 есеге жуық көбейіп, 5,7 миллиард доллардан 11 миллиард долларға дейін артты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ішкі тауар айналымы 25 пайызға



өсті. Соның ішінде Қазақстанның Орталық Азия елдерімен саудасы былтыр 26,8 пайызға артып, 8 миллиард долларға жетті.

Бірлескен ірі жобалар оған қатысушы елдерге қомақты пайда әкеліп қана қоймай, Орталық Азия экономикасының бүкіл құрылымын өзгертіп отыр.

Шекара маңындағы аудандарда сауда-логистика және өнеркәсіп хабтарының желісін дамыту ісі ынтымақтастықтың маңызды бағыты саналады. Бұл хабтар өзара сауда мен ортақ инвестициялық қызметті алға бастайтын жаңа драйвер болға алады.

Елдеріміздің көлік-логистикалық әлеуетін тиімді пайдаланудың стратегиялық маңызы артып келеді. Бұл сала өңірдің қарқынды дамуына жаңаша серпін беретін қозғаушы күшке айналуда тиіс.

Экономикалық өрлеудің нақты бастауы саналатын өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және цифрландыру салаларында бірлескен жоспарлар құруға көп көңіл бөлініп кәсіптер. Орталық Азия мемлекеттерінің өнеркәсіптік кооперациясын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарының биыл бекітілуі осы бағыттағы маңызды қадам болмақ.

IV. ӨНІРЛІК ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ПАЙЫМ

Осының алдында Душанбеде өткен саммит бес мемлекеттің «ортақ мекенін» трансформациялау жолында күш жымылдыруы Орталық Азияның экономикасы дамыған және көркейген өңірге айналуына қуатты серпін беретінін тағы бір дәлелдеді. Бұл ретте Астана кездесуі өңір мемлекеттерінің алдағы бес жылда (2024-2028 жылдар) дамытуға арналған жаңа кезеңнің бастауы болуға тиіс.

Қазіргі жаһансыздану жағдайында Орталық Азия елдерінің өңіршілік ықпалдастығы оның ерекше өркеніет аясы ретінде өзін өзі сақтауы үшін де, біртұтас болмыс ретінде өңірді тұрақтандыру үшін де аса өзекті. Елдеріміз бен халықтарымыздың тарихи мен мәдениеті ортақ болғандықтан, бес мемлекет бірін бірі толықтырып отырады. Бұл бізді біріктіретін басты күш болуға тиіс.

Ұлы әл Фарабидің «Халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесе білсе, бүкіл жер беті ізгілікке толады» деген сөзі бар. Дамудың жаңа кезеңінде біздің алдымызда осы өңірдің және оны мекен еткен халықтардың тағдырын айқындайтын бірқатар маңызды мақсат-міндет тұр.

Бірінші. Орталық Азияда ғана емес, сонымен қатар іргелес жатқан аймақтарда да бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау – ұзақ мерзімге арналған өркендеу мен дамудың маңызды алғышарты.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі – тепе-теңдікті сақтауға ұмтылу. Біз әрдайым «Бейбітшілік бәрінен қымбат» деген қағиданы ұстанамыз. Қазақстан әлем қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде халықаралық құқық қағидаларын қатаң сақтау, егемендікті құрметтеу және шекараның тұтастығына қол сұқпау қажет деп санайды.

Қазақстанның бұл пайымымен келісетін елдер аз емес деп сеніммен айта аламыз. Көптеген елдің ұстанымдары бір-біріне ұқсайды. Оның бәрі әділ әрі болжауға болатын әлемдік тәртіп орнатуға негізделген. Бұл ұстаным қазіргі беймаза заманда болашақ туралы сындарлы көзқарас қалыптастыруға жол ашады.

Орталық Азияның айналасында күрделі әскери-саяси ахуал сақталып отырған қазіргі жағдайда қорғаныс саясаты мен қауіпсіздік саласында бірлесу әрекет жасау қажеттігі туындайды. Өңірлік қауіпсіздік жүйесін құру, оның ішінде Орталық Азияның қауіпсіздігіне

байланысты сын-кәтерлер тізімін және оның алдын алу шараларын әзірлеу мәселесі өте өзекті.

Орталық Азияда біртұтас қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру, бұрыннан бар және жаңадан пайда болған қауіп-кәтерлерге қарсы күресуге қатысты негізгі түйткілерді шешетін кешенді тәсілдер қарастыру, олардың алдын алу және кәтерлер туындаса қолға алынатын шараларды ойластыру, сондай-ақ БҰҰ-мен және осы саладағы басқа да халықаралық, өңірлік ұйымдармен белсенді ықпалдастық орнату аймақтың мемлекеттерінің ең басты басымдықтары саналады.

Екінші. Экономикалық әлеуетімізді одан әрі арттыру, ықпалдастықты тереңдету.

Көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық негізін қалыптастыру мәселесі біздің елдеріміздің айнаым міндеті болып қала беретіні сөзсіз. Өңірдегі мемлекеттердің бірлескен күш-жігері мен қуатты экономикалық әлеуетінің арқасында Орталық Азия аумағы сауда, инвестиция, ғылым және инновация саласында зор мүмкіндіктері бар кеңістікке айналып отыр.

Елдеріміздің жалпы аумағы – 3 882 000 шаршы шақырым, халқының саны 80 миллионнан асады, ал ішкі жалпы өнімі 450 миллиард долларға жуықтайды. Әлемдегі уран қорының шамамен 20, мұнайдың 17,2, табиғи газдың 7 пайызы – біздің аймақтың еншісінде. Орталық Азия көмір өндіруден әлемде 10-шы, электр энергиясын өндіруден 19-орында тұр.

Біздің экономикаларымыз бірін-бірі толықтырып отырады. Бұл жағдай елдеріміздің сыртқы факторларға лайықты төтеп беруін қамтамасыз етіп, сауда-өндіріс саласындағы циклдерді әртарапандыруға мүмкіндік береді. Бірлескен экономикалық жобаларды тиімді іске асыру осы үдеріске оң ықпал ете алады.

Экономикаларымызды технологиялық жағынан дамыту – маңызды міндет. Біз табиғи ресурстарға тәуелділіктен біртіндеп арылуымыз қажет. Осы ретте медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру және ақпараттық технологиялар саласын қамтитын креативті индустрия мен цифрландыру ісі экономикаға тың серпін беретін күшке айналуға алады. Өңір елдерінің осы бағытта бірлескен жобалар әзірлеуге әлеуеті де жетеді.

Цифрлық және креативті индустрияның жаппай қарқын алуы шикізатқа сүйенген экономикадан зияткерлік сипаттағы өндіріске дәйекті түрде көшуге ықпал ететін болады. Орталық Азияның ықпалдастығы біздің елдеріміздің ұлттық экономикалық өсімінің басты себепшісі болмағанымен, оның негізгі қайнар көзінің бірі бола алатынына сенімдімін.

Үшінші. Өңірдің жер жүзіндегі ең маңызды көлік-логистика және транзит хабтардың біріне айналуға толық мүмкіндігі бар.

Орталық Азия аймағы күн өткен сайын жаһандық көлік қатынастарының басты тармағына айналып келеді. Бұл ретте ең алдымен, Қытайдың бастамасымен қолға алынған, болашағынан зор үміт күттіретін «Бір белдеу, бір жол» жобасын және «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін атап өтуге болады. Бұл жобаларға өңірдегі елдердің бәрі белгілі бір деңгейде қатысып жатыр.

Қазір біздің мемлекеттеріміз жаңа көлік дәліздерін қалыптастыруға қатысты басқа да маңызды идеяларды жүзеге асыруға кірісті. Қазақстан өзінің серіктестерімен бірлесіп, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын (Орта дәліз) барынша дамытып жатыр. Осы бағытпен тасымалданатын жүк көлемі орта мерзімде бес есеге артуы мүмкін.

Қазақстанда теңіз инфрақұрылымының, яғни Ақтау және Құрық аймақтарының дамуына байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылып жатыр. Аталған порттар арқылы Қытайдан, Орталық Азия елдерінен Оңтүстік Кавказға, Түркияға, одан әрі Еуропаға жөнелтілетін жүк көлемі артып келеді. Қазір Ауғанстан аумағы арқылы

өтетін көлік дәліздерін ашу қарастырылып жатыр. Бұл қадам Оңтүстік Азия елдерінің әлеуеті мол нарықтарына және Үнді мұхитындағы аймақтарға шығуға жол ашады. Бұған осы өңірдегі бүкіл ел мүдделі. Біз Орталық Азияның өз ішінде және одан тысқары елдермен көлік саласындағы ынтымақтастық ауқымын кеңейту арқылы көптеген максатқа жете аламыз.

Көлік қатынастарын кешенді түрде жақсарту (әуе рейстерінің жиілігін арттыру, жаңа әуе және теміржол бағыттарын іске қосу, шекарадағы өткелдерді жаңғырту, т.б.), инновациялық технологияларды енгізе отырып, көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуын қамтамасыз ету, транзит мүмкіндіктерін кеңейту және өңірдің транзиттік-логистикалық әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері болашақта біздің елдеріміздің транзит-көлік саласындағы ықпалдастығының негізгі бағыттарына айналуға тиіс.

Төртінші. Су, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдарды әзірлеу.

Соңғы жылдары аймақтағы барлық ел су тапшылығын көріп отыр. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын төмендетіп, халыққа елдегі залалын тигізді. Осы ретте Халықаралық Аралды құтқару қорының (ХАҚҚ) аса маңызды су-энергетикалық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талқылау және шешу жолындағы бірегей өңірлік құрылым ретінде айрықша рөл атқаратынын атап өткім келеді.

Су мәселесі өңірдің азық-түлік қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Сондықтан Қазақстан ХАҚҚ-тың қазіргі төрағасы ретінде осы қордың аясындағы ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ азық-түлік мәселесін де қамти отырып, Халықаралық су-энергетика консорциумын бірге құруды ұсынды. Біздің еліміз бұл мәселелерді шешу жолындағы сындарлы әрі ашық диалогке қашанда қолдау білдіреді.

Қырғызстандағы Қамбар ата I-ГЭС-інің және Тәжікстандағы Рогун ГЭС-інің құрылысы бүкіл өңір үшін энергетика саласындағы ғасыр жобасына айналуы мүмкін. Бұл нысандарды салу барлық тарапқа жан-жақты ықпал етеді.

Барша адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне әлі де жалғасып жатқан геосаяси дағдарыстар кесірін тигізип отыр. Орталық Азия елдерінің сыртқы факторларға тәуелділігін азайту үшін осы бағытта өзара үйлестірілген шаралар қабылдау қажеттігі туындады. Сол үшін Қазақстан Орталық Азияда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын жасап, бес ел арасында талдау жүргізіп, деректер алмасатын бірінші ақпараттық платформа қалыптастыруды ұсынды.

Жаһандық климаттың өзгеруінің салдарын азайтатын маңызды қадам – «жасыл» экономикаға көшу. Өңір елдерінде жанартаудың энергетикалық өздеріндегі үлкен табиғи әлеуетін іске асыруға ұмтылыс бар. Мәселен, Қазақстан 2030 жылға қарай ЖЭК үлесін 15 пайызға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Ал 2060 жылға қарай біз көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге ниеттіміз.

Жанартаудың энергия көздерін кеңінен пайдалану парниктік газ шығарындыларын азайту арқылы қоршаған ортаға пайдасын тигізіп қана қоймай, энергетикалық қауіпсіздікті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Білім, ресурс және озық тәжірибелер алмасуды жағсыру осы саладағы ынтымақтастықты нығайта түсуге септігін тигізеді.

Бесінші. Орталық Азияның ең маңызды және ең құнды ресурсы – білімді жас ұрпақ.

Орталық Азия – әлемдегі халқы ең жас өңірдің бірі. Аймақ тұрғындарының орташа жасы – небәрі 28,7. БҰҰ-ның болжамына сүйенсек, 2040 жылға қарай азаматтарымыздың орташа жасы одан

әрі төмендеп, 28,3-ке жетеді. Бұл – Солтүстік Америка (41,5), Еуропа (46,8), Қытай (48) сияқты басқа өңірлерге қатысты болжамдардан әлдеқайда төмен көрсеткіш.

Мұны бес елдің де экономикалық және әлеуметтік дамуына кең жол ашатын бірегей бәсекелік артықшылық деуге болады. Жастар экономика, технология және мәдениет салаларындағы жаңару үдерістерінің қозғаушы күші бола алады. Жаһандық бәсекелестік жағдайында табысқа жетудің кілті өскелең ұрпақтың қолында.

Осы орайда ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, жастар арасындағы байланысты нығайту және жас ұрпаққа тың мүмкіндіктер беріп, әлеуетін асыруға бағытталған ортақ құрылымдар қалыптастыру – өзекті міндет.

Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы ықпалдастықты дамыту, бір-біріннің аумағында білім ордаларының филиалдарын және ортақ факультеттер ашу ісіне барынша қолдау білдіреді. Біз көрші елдер жастарының Қазақстанда жоғары білім алуға деген ұмтылысын жоғары бағалаймыз және олардың өз университеттерімізде оқуына берілетін квота санын біршама арттырамыз. Бүгінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында Орталық Азиядан келген 9 мыңға жуық студент білім алып жүр.

Кейінгі жылдары елімізде шетелдің бірқатар жетекші университеттің өкілдері ашылды. Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының саны артып келеді. Технологиялық парктер мен инженерлік орталықтар ашылып жатыр. Бұл жұмыс Қазақстанды өңірлік білім беру хабына айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатымыздың аясында жүргізіліп отыр. Біз жоғары білім берудің Орталық Азиядағы біріншілік кеңістігін құру жолында күш-жігерімізді біріктіріп, сеніммен алға қашам бастық.

Алтыншы. Бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын үйлестіру негізінде елдеріміздің өркениеттік бірегейлігін қалыптастыру маңызды миссияға айналып келеді.

Орталық Азияның заманауи келбетін жасай отырып, біз азаматтарымыздың ұлттық және өңірлік бірегейлігіне жаңа көзқарасты да қалыптастырамыз. Бізді Орталық Азияға тән айрықша болмысымыз біріктіреді. Төл мәдениетіміз бен дәстүрлеріміз де соның негізінде қалыптасқан. Ортақ тарихи тамырымызды құрметтеу, мәдениетаралық диалог және конфессияаралық өзексіз Орталық Азия бірегейлігін келесі саналады.

Тарихи жадымыз – халықтарымыздың ұлттық сана-сезімінің мызғамас тұғыры. Біз ата-бабаларымыздың жетістіктерін және бай мәдениетімізді мақтан тұтамыз. Осы орынды мақтансып қазір барша ұлттардың табысты дамуына, сондай-ақ олардың болашаққа сеніммен қадам басуына қуатты серпін береді. Сондықтан біз ортақ тарихымыздың жарқын беттерін көбірек назар аударуға тиіспіз. Орталық Азияның жалпы тарихын түркі, парсы, араб, қытай, Ресей және Батыс Еуропа дереккөздеріне сүйеніп жазу маңызды міндет деп санаймын.

Жаһандық бәсекеге қабілетімізді арттыру үшін біз бірлігімізді сақтай отырып, ортақ мақсаттарға үздіксіз ұмтылуымыз керек. Ұлы Абай «Бірлік – ақылға бірлік» деп көре айтпаған.

Қазір жер жүзінде геосаяси жобалар мен идеологиялар дәріптеліп жатыр. Мұндай жағдайда біз өзімізге тән қонақжайлық, ынтымақ және өзара қамқорлық сияқты қасиеттерімізді, сондай-ақ отбасылық құндылықтарымызды және басқа да озық дәстүрлерімізді қамтитын рухани-мәдени қодымызды көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Сөз соңында өңірлік ынтымақтастықтың шынайы ахуал ғана емес, өмірлік қажеттілік екенін атап айтқым келеді.

Геосаяси белгісіздік белең алып, әлемдік тәртіптің қалыптасқан үлгісі ыдырап тұрған қазіргі жағдайда бұл – шын мәнінде, бірден-бір оңтайлы тәсіл. Біздің болашағымыз бірлігімізді нығайтуға, өзара сенімді арттыруға және барша әлемге ашық болуға байланысты. Осы қағидалардың негізінде ғана біз Орталық Азияның серпінді, инновациялық және мәдени бай өңір ретіндегі ренессансын қамтамасыз ете аламыз.

Өңірлік бірлік парадигмасын күшейту қазіргі және болашақтағы сын-кәтерлерге барынша лайықты жауап болады, жағымсыз үрдістерді тежеуге қатысты ортақ ұстанымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді, кез келген сыртқы күшке қарсы тұруға қажетті пәрменді шаралардың негізіне айналады. Сол үшін Қазақстанның ұсынысы бойынша Аймақтық кооперацияны дамыту жөніндегі «Орталық Азия – 2040» тұжырымдамасы дайындалды. Онда көпқырлы және бесжақты ықпалдастықты одан әрі дамыту бағдарлары айқындалған.

Біз өз тарапымыздан «Табысты Орталық Азия – табысты Қазақстан» қағидатын дәйекті түрде ұстанып келеміз және өңірдегі стратегиялық әріптестеріміз бен одақтасарымыз интеграциялық үдерістерді одан әрі дамытуға қаншалықты дайын болса, біз де соншалықты дайын екенімізді мәлімдейміз.

«Egemen Qazaqstan»
08.08.2024 жж.

ЕҢБЕК ЖӘРМЕҢКЕСІ

МҮМКІНДІК
ЕСІГІ

Жастарға бағыт-бағдар беру, жұмыспен қамту – мемлекет алдындағы басты міндет. Сондықтан Үкімет жыл сайын мемлекеттік бағдарламалар санын ұлғайтып, жұмыс берушілермен байланысты нығайтуға көшкен. Нәтижесінде облыс бойынша кейінгі 6 айда 21874 азамат жұмысқа орналастырылып, жылдық меже 47,1 пайызға орындалған. Жоспарлы көрсеткіштің орындалуы бойынша өңіріміз республика бойынша алғашқы үштікті түйіндеп тұр.



Жалпы жыл басынан бері облыста 50-ден астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Бұл қадам әлі де жалғасуда. Соның мысалы, кеше үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен қаладағы Б.Шөкенов атындағы саябақта «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы ұйымдастырылды. Мұнда жастарға мемлекеттік қолдау бағдарламалары кеңінен түсіндіріліп, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, білім гранттары секілді маңызды жобалар туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов қатысып, жастарға қолдау білдірді. Ал мемлекеттік және жекеменшік мекеме өкілдері жастарға арналған бос жұмыс орны туралы ақпарат берді.

Айта кетерлігі, жобаға «Мансап» орталығы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Отбасы банк», облыстық «Жастар денсаулық орталығы» КММ мамандары атсалысып, жастарға қызметтік құзыретіне сай кеңес берді.



Жастар күніне орай ел көлемінде түрлі шара қолға алынады. Өңірде де арнайы онкүндік бекітілді. Бүгінгі «Мүмкіндіктер керуені» шарасы сол жүйелі жоспардың бір бөлігі десек болатындай. Басқармаға басқармалар, ҰЕҰ, ЖОО өкілдері үлес қосып жастарға жан-жақты қолдауын көрсетіп отыр. Мәселен, университет мамандары білім беру бағдарламалары туралы ақпарат берсе, кәсіпкерлер жұмысқа орналасуға мүмкіндік бермек. Жастарға баспана алу жолы, қаржылық сауатты арттыруға арналған жобалар да таныстырылды. Аталған шара Қызылорда қаласында ғана емес, барлық аудан орталықтарында жалғасын табады, — деді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров.

Айта кетейік, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі аясында мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, жылжымалы медициналық бекет ұйымдастырылып, жастардың ұсыныс-пікірі жинақталды.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

МӘЖІЛІС

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Онда жылу беру маусымына дайындық және салық базасын ұлғайту мәселелері талқыланды.

Алдымен шаһар басшысы жақында тағайындалған Қызылорда қалалық полиция басқармасының бастығы Дәулет Беркімбаевты қала активіне таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

Келесі кезекте қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов жылу беру маусымына дайындық барысын баяндады. Оның айтуынша, қаладағы көпқабатты 1200 тұрғын үйдің 808-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Қалғаны автономды модульді бу қазандықтары арқылы жылытылады. Жылу беру орталықтарына қажетті резервтік мазут отыны дайын, ал «көгілдір отын» желісіне қосылмаған жеке секторлар мен ауылдарды қамтуға 85000 тонна қатты отын қоры алынады.

Қазіргі таңда мамандар барлық жүйелерді жіті тексеруден өткізіп, кемшіліктер бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Әлеуметтік нысандар дайындығы күнделікті пысықталуда. Жалпы, биылғы жылы жылумен қамту нысандарына облыс әкімінің қолдауымен 11,7 млрд теңге бөлініп, 9 жоба бойынша қайта жаңғырту қарқын алды.

— Біз жылу беру маусымына дайындықты



осы кезден бастауымыз қажет. «Қыстың қамын жазда ойла» демекші, жылу беру маусымы қарсаңында тұрғындарды бұл мәселе толғандырмауы тиіс. Сондай-ақ барлық жұмыстың сапалы әрі уақытылы аяқталуы маңызды. Жылдағы кемшіліктердің қайталанбауын жауапты сала басшыларына қатаң тапсырамын. Бұған барлық резервті жұмылдырыңыздар, — деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында көтерілген екінші мәселе — салық базасын арттыру. Бұл бағытта да қалада ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінде жергілікті бюджетке 39,1 млн теңге салық түскен. Жоспар бойынша жыл соңына дейін шамамен 196,3 млн теңге түсім жасалмақ. Бұл көлем көрші өңірлерден Қызылорда қаласына кәсіпкер ретінде тіркеліп, қызметін бастаған кәсіпкерлердің есебінен еселенеді.

Дегенмен, облыс орталығында салық органына кәсіпкер ретінде тіркелмей, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысып жүрген жеке тұлғалар да анықталуда. Оларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, есепке алынады.

— Қаламыздағы ірі мұнай компанияларына қызмет көрсетуші кәсіпкерлердің басым бөлігі өзге өңірлерде тіркелген. Оларды жергілікті бюджетке салық төлеуші ретінде тіркеу үшін тиісті жұмыстарды жүргізетін уақыт келді деп санаймын, — деді шаһар басшысы.

Жиын соңында көтерілген мәселелерден туындайтын өзге де тақырыптар бойынша талқылаулар өтіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

ЖАҢАҚОРҒАН:
ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Жаңақорған ауданында жыл басынан біршама жұмыстар атқарылып, әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция бар.

Бюджет көлемі де былтырғымен салыстырғанда артқан. Айталық, өткен жылы 13 млрд теңгені құраса, қазір 18,5 млрд теңгеге жеткен. Өңірде өнеркәсіп өнімдерін өндіру 48,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 71,3 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 2,3 есеге, тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жалпы ауданы 22,4 негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 56,1, бөлшек сауда көлемі 7,4, ауыл шаруашылығы өнімі 3 пайызға артқан. Бұл туралы аудан әкімі Мажит Самитов брифинг барысында кеңінен тоқталды.

Ауданда ауыл шаруашылығымен қатар өндіріс саласы жақсы дамыған. Экономиканың өркендеуіне уран өндірісімен айналысатын кәсіпорындар мен қорғасын-мырыш кенін өндіретін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ елеулі үлес қосуда. Бұл кәсіпорындар заман талабына сай жаңа технологияларды қолдану арқасында табыс әкеліп отыр.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл 36 026 гектарға ауыл шаруашылығы дақылды орналастырылып, өткен жылмен салыстырғанда 311 гектарға артқан.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес биыл 400 гектар жер жаңадан ашылып, 805 отбасына егін егуге берілді. Жерасты суларын тиімді пайдалану арқылы тау беткейдегі шаруашылықтар бақша егіндерін көлемін едәуір арттырды. Оның ішінде қарбыз дақылдың көлемі 1500 гектарға жуықтады. Жиналған өнім Ресейге және еліміздің солтүстік өңірлеріне жеткізілуде. Егін алқаптарын тұрақты аяқсумен қамтамасыз ету үшін был барлық бюджет көздерінен 1 млрд 275 млн теңге қаржы бөлінді. Аудандық бюджеттің шұғыл шығындарға арналған резервінен 8 аудандық округтегі 52,6 шақырымды құрайтын 12 каналды тазалауға 28,9 млн теңге бөлініп, көктемгі егінге дейін тиісті жұмыстар толық атқарылды, — деді аудан әкімі.

Өңірде 35 елді мекенге орталықтандырылған таза ауызсу желілері жүргізілген. Таза ауызсумен қамту үшін өткен жылы жоба құны 1,7 млрд теңге болатын «Келінтөбе», «Қоғамберді», «Сүттіқұдық», «Жайылма» ауылдарының ауызсу жүйелерін жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Үш елді мекен бойынша жұмыстар аяқталып, нысандар



пайдалануға берілген. «Келінтөбе» ауылындағы жұмыстар жақын арада аяқталады.

Жанақорған кентінің «МАИ бекеті», «Алтықрант» шағын аудандарындағы 1500-ге жуық тұрғын үйді толыққанды ауызсумен қамтамасыз етуге ондағы негізгі қондырғылардың қуаттылығы жетпегендіктен. Осы мәселені шешу үшін «МАИ бекеті» шағын ауданында қосымша су тарату станциясы мен желілерін салуға жоба әзірленген. Жұмыс сәтті аяқталса, таза ауызсумен толық қамтылады.

Электр желілерін жаңғырту мәселесін шешу үшін жалпы құны 5,9 млрд теңге болатын 10 жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2022 жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы арқылы құны 3,4 млрд теңге болатын Жанақорған кентіндегі электр желісін жаңғырту жобасы биыл толық аяқталып, кент тұрғындары игілігін көретін болады. Бұған қоса 9 елді мекеннің (Сунаката, Құттықожа, Манап, «Қандөз», М.Нәлібаев, Әбдіғалпап, «Жанарық», «Сүттіқұдық», «Бірлік») электр желісін жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Одан бөлек тағы 7 елді мекеннің («Екпінді», «Қоғамберді», «Қосүйенкі», «Қаратөбе», «Аққорған», «Өзген», «Ақсуат») электр желісін жаңғыртуға 2,2 млрд теңгеге жоба әзірленіп, салалық министрліктерге ұсынылған. Аудан орталығы мен 19 елді мекеннің электр желісі толық жаңғыртудан өткен соң тозу көрсеткіші 75-тен 25 пайызға дейін төмендейтін болады. Демеушілер есебінен 5 елді мекеннің электр желісін жаңғыртуға жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«СЫР БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ



Бейсенбі күні Қазақ күресінен XV облыстық «Алтын белбеу» жарысы өз мәресіне жетті.

Екі күнге созылған балуандар белдесуі жанкүйерлерге керемет көңіл-күй сыйлады. Бұған дейін аудандық бәсекелерде топ жарған балуандар облыстық сында аянып қалған жоқ.

Көрермендер әр салмақтағы белдесулерден кейін шешуші түйе балуандардың бәсекесін тамашалады. Бұл сында 12 спортшы арасынан Айбек Серікбаев III орын иеленіп, «Сыр сұңқары» атанды.

Ақтық сында Еламан Ергалиев пен Мақсат Исағабайлов белдесіп, жеңіс Еламанның еншісіне бұйырды. Осылайша, «Алтын белбеу» жарысының қорытындысымен 2024 жылдың «Сыр барысы» атағын Еламан Ергалиев иеленді. Ал күміс жүлде иегері — Мақсат Исағабайлов «Сыр арланы» деп танылды. Енді бұл екі балуан алда өтетін «Қазақстан барысы» додасында аймақ намысын қорғайтын болады.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

ҚҰТҚАРУ ПУНКТТЕРІНІҢ
ОҢТАЙЛЫ ҚЫЗМЕТІ

Еліміздегі апаттар медицинасы орталығы құрылған сәттен бастап табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында шұғыл медициналық-психологиялық көмек көрсету арқылы адам шығынын азайту бағытында жұмыс атқарып келеді.

2012 жылы республика автожолдарының авариялық-қауіпті учаскелерінде шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында 40 трассалық медициналық-құтқару пунктін құрылды. Пункттерде кезекшілік тәуліктің кез келген уақытында жол-көлік оқиғаларының, өзге де табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде, сондай-ақ азаматтар өздері жүгінгенде шұғыл медициналық көмек көрсетіледі.

— Қызылорда облысында осындай 3 трассалық медициналық құтқару пунктін ашылып, жұмыс атқаруда. Олар «Самара-Шымкент» тас жолының 1913 шақырымында, «Бәйгекүм»

елді мекенінің тұсында, «Самара-Шымкент» тас жолының 1662 шақырымында, «Иірқол» елді мекенінің тұсында, сонымен қатар 1472 шақырымында, Әйтеке би елді мекенінің тұсында орналасқан. Бұл тәжірбие оң нәтиже беріп отыр. Пункттерде өткен жылдан бастап 24 сағаттық ауысым ұзақтығымен ауысымдық жұмыс режимі белгіленді, — дейді филиалдың бөлім басшысы Нұрбол Сауытбаев.

Арнайы бригадалар осы жылдың 7 айында төтенше жағдай орындарына 189 рет шұғыл жетіп, тиісті көмек көрсеткен.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ 24 шілде 2024 жыл №110 Қызылорда қаласы

«2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №83 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 63 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 620 631 416,6 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 55 647 735,2 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 31 045 211,3 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 51 000,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 533 887 470,1 мың теңге; 2) шығындар – 625 766 339,9 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 34 679 820,9 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 47 320 382,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер өтеу – 12 640 561,1 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салдо – 2 083 175,1 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 2 083 175,1 мың теңге; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0; 5) бюджет тапшылығы (профицит) – -41 897 919,3 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – -41 897 919,3 мың теңге.»; аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Т.ЛЕУМБЕТОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы «24» шілдедегі №110 шешіміне қосымша Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы «13» желтоқсандағы №63 шешіміне 1-қосымша

2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ

Table with columns: Санаты, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget categories and their amounts.

Table with columns: 025, 029, 052, 055, 067, 082, 083, 085, 087, 200, 202, 203, 768, 006, 288, 012, 069, 099, 205, 05, 253, 001, 006, 007, 008, 016, 018, 023, 028, 027, 029, 033, 039, 041, 042, 043, 050, 288, 038, 039, 256, 001, 002, 003, 007, 013, 014, 015, 018, 046, 053, 064, 066, 067, 068, 069, 113, 261, 015, 037, 084, 092, 752, 050, 07, 279, 001, 032, 038, 051, 054, 113, 114, 08, 768, 010, 074, 752, 001, 006, 009, 010, 032, 273, 001, 002, 003, 032, 113, 288, 024, 027, 09, 007, 071, 10, 254, 001, 002, 003, 005, 006, 008, 009, 010, 011, 012, 013, 019. It lists budget items with descriptions and amounts.

Table with columns: 011, 012, 013, 014, 028, 030, 031, 035, 040, 741, 001, 002, 005, 008, 014, 028, 029, 045, 046, 047, 050, 051, 053, 11, 288, 001, 113, 114, 12, 268, 001, 002, 003, 005, 025, 113, 114, 13, 120, 008, 253, 058, 096, 261, 079, 096, 265, 011, 014, 015, 079, 288, 093, 299, 003, 004, 016, 15, 299, 007, 017, 024, 053, 06, 256, 063, 07, 279, 087, 288, 009, 064, 10, 741, 087, 092, 299, 001, 2, 008, 015, 8, 01. It lists budget items with descriptions and amounts.

СӘУЛЕТШІНІҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ

Ерназар Сахиевтің өнегелі өмірі хақында

Сонау студенттік шақтардан жақсы білетін Ерназар Сахиев замандасым туралы өткен шақпен айтуға тура келеді деп кім ойлаған?! «Ертеулеу кетті ғой» дейміз, пенде көңілмен. Бірақ адамның қолында не тұр, жазмыш тағдыр өзінің үкімін мойындататынына амалсыз көнеміз.

Өткен күндердің елесінде Ерназардың сабырлы бейнесі, еңбек жолы, қатар жүрген күндер көз алдымнан жүріп өткенде, көңілге жылы естеліктер жарқын күндердің белгісіндей ойға орала береді. Құрдас едік. Біз бір жылда дүниеге келген үзегілес дос едік. Алматыда бір жоғары оқу орнында білім алдық. Кейін Сыр бойындағы жоғары оқу орнында бірге қызмет істеп, қатар жүрдік. Иә, бәрін ретімен баяндайын.

Сахиев Ерназар Қуатбекұлы 1957 жылы мамыр айында Қызылорда қаласында өмір есігін ашты. 1974 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін ол Алматыдағы «Ядролық физика институтында» бір жыл сызушы болып еңбек етеді. Мектепті бітіре сала сызушы болып еңбек етуі оның жаратылысынан бейнелеу өнеріне, сызу жұмыстарына ерекше қабілетті болғандығын көрсетеді. Аса дәлдікті, нақты есептеулерді, қол шеберлігін талап ететін сызу, бейнелеу өнері екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Бойында осындай қабілетін, іркемді болмаса осы бір қиын да күрделі саланы меңгеру еш мүмкін емес. Мұнан кейін, яғни 1975 жылы Ерназар Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының архитектура факультетіне оқуға түседі. Оны 1981 жылы архитектор біліктілігі бойынша бітірді. Бұл жерде нақтылап айтуымыз керек, 1980 жылы 1 қаңтарда құрамында ҚазПИ-дің екі факультетін қамтитын Алматы архитектура-құрылыс институты дербес оқу орны болып бөлініп шықты. Ерназар осы жаңадан құрылған институттың түлегі болды. Өзінің жүрек қауымымен таңдаған мамандығы бойынша архитектор біліктілігін алып шықты. Архитектура – ерекше мамандық, архитектор болу үшін адамның бойында соған лайықты қабілеті болуы бұлжымас талап. Айта кетейік, ол кезде мектепті бітіре сала архитектор, дизайн мамандықтарына оқуға түсу сирек болатын, себебі оларға қойылатын талап өте жоғары еді. Біздің Ерекен сондай сынақ-емтихандардан ойдағыдай өтіп, өзі калаған мамандығына оқуға түсіп, оны абыроймен бітіріп шықты.

Кейінге сәл шегініс жасап, еліміздегі сәулетшілер даярлайтын жоғары оқу орнының тарихына көз жүгіртейік.

1966 жылы В.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Сәулет факультеті «Қала құрылысы» және «Сызбагеометрия» сынды екі кафедра негізінде құрылады. Алайда сәулет мамандығына алғашқы қабылдау 1961 жылы жасалады. Отандық сәулет мектебінің негізін қалаушы – алғашқы қазақ ғалым-сәулетші, Ленинград сәулет мектебінің түлегі, профессор В.Г.Офман мен академик А.Щусевтің шәкірті Төлеу Құлшыманұлы Басенов еді. Т.Басенов – 1936 жылы құрылған Қазақстан Сәулетшілер одағының бірінші төрағасы, сәулет ғылымдарының кандидаты, КСРО Сәулет және құрылыс академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ КСР еңбек сіңірген құрылысшысы. ҚазПИ-да сәулет саласының кадрларын даярлау орталығын құруға зор күш салып, қажыр-қайратын жұмсаған үлкен ғалым-ұстаз. Ерназар Қуатбекұлы да осындай ғалымдардан, ұлағатты ұстаздардан тәлім алған өз ісінің білікті маманы болды.

Сәулетші дегеніміз – сәулеттік жобалауды жүзеге асыратын, ғимараттарға, құрылыстарға және олардың кешендеріне функционалдық, конструктивтік-техникалық, көркемдік-бейнелік талаптарды ескере отырып, сәулет-жоспарлау шешімдерін әзірлейтін, ғимараттар мен кешендердің, қаланың, елді мекендердің, үлкен мегаполистердің бас жоспарын, қайта құру жобаларын, сәулет және қала құрылысы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін жүргізетін маман. Ерназардың да бойында, алған білімінде осы кәсіби қабілеттер бар болатын.



Осындай білім мен біліктіліктерді игеріп, институтты тәмамдаған соң, Ерназар жолдамамен сол кездегі Шевченко (қазіргі Ақтау) қаласына жұмысқа жіберілді. Қарт Каспийдің жағасында бой көтеріп жатқан жас қаланың сәулеттік шешімдеріне, қала келбетін қалыптастыруға осындай жас мамандар қажет болғандықтан жасалған қалам болса керек. Онда барған соң ИБ СМУ-6 шебер, Маңғыстау облыстық атқару комитеті ИБ-да инженер-сметшы қызметін атқарады. Бір жылдан кейін туған жері Қызылордаға қызметке ауысып, Ауыл шаруашылығы жобалау Арнайы шеберханасына I санаттағы инженер-архитектор болып келеді. Осында 90-жылға дейін жұмыс жасап, одан соң Қызылордада құрылған «Архфонд» (архитектура-лық) мекемесі бас директорының орынбасары болып тағайындалады.

Мен бұл кездері Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері институтында қызмет ететінімін. Өзім жақсы білетін Ерназарды 1992 жылы институтқа аға оқытушылық қызметке шақырдық. Себебі институтқа Ерназар сияқты арнайы дайындықтан өткен, өндірістік тәжірибесі мол, теориялық білімін өндіріспен ұштастырған білікті маман аса қажет еді. Болашақ инженер-құрылысшыларды архитектурадан сабақ беруге дайындау үшін, бейнелеу өнерінен дәріс беруге қажетті маман ретінде Ерназар Қуатбекұлының келуі өте орынды шешім болды. Мұнан кейін Ерекен барлық еңбек жолында өзі таңдаған мамандығы бойынша жинаған білімі мен тәжірибесін жоғары білімді мамандар дайындап, шәкірттер тәрбиелеуге арнады. ҚАОИИ-да, кейін 1998 жылы өзіміздегі екі ЖОО – Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті мен Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты біріктіріліп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болған кезде «Бейнелеу өнері» кафедрасының академиялық доценті қызметін атқарды. Көптеген шәкірттер тәрбиеледі. Ерназар университетте ұстаздық қызметте жүріп, ғылыми ізденістермен айналысты. Қазақ БАС сәулет академиясымен тығыз шығармашылық байланыста болып, өзінің ғылыми жұмыстарын жалғастырып жүрді. Әрбір кезеңде білімін көтеруге барып, өзінің ізденістері арқылы білімін жетілдіріп, жаңалықтарды біліп, мамандығы бойынша үнемі алға ұмтылумен жүрді.

Мен құрылыс саласының ғалымы ретінде, Ерназар сәулет саласының белгілі маманы ретінде ортақ тақырыптарда көп пікір алысып, ойларымызды бөлісіп отыратынбыз. Біздің мақсатымыз – білім сапасын көтеру, заман талаптарына сай білім беру процесін жетілдіріп отыру. Дәріс бергенде ол өзінің өмірлік еңбек тәжірибесіне көп сүйенетін. Белгілі шеберханаларда жұмыс істеген, біздің облыстағы, қаладағы сәулет саласының дамуына ерекше үлес қосып жүрген маман ретінде оның тәжірибесі оқу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарда кеңінен пайдаланылатын. Сәулет саласында ғылыми жұмысын жалғастыру мақсатында 2003 жылы Сәулет-құрылыс академиясының «Графика және сәулет өнері тарихы» кафедрасына ізденуші болып бекітілді. Сәулет өнерінің теориясы мен тарихы тақырыбында кандидаттық диссертация қорғауды мақсат тұтты. Көздеген мақсатына жету жолында бірнеше мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар дайындап үлгерді. Өмірінің соңына дейін барлық құрылым өзінің таңдаған сәулетші мамандығына арнаған Ерекен жоғары оқу орнында ұстаздық қызмет атқарды. Әріптесіміз, замандасымыз Ерназардың өмір жолы осындай, үлкен қызметтермен тікелей байланысты болды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының мүшесі ретінде де белсенді жұмыс атқарды. Сәулетшілер одағының Қызылорда филиалында оның жұмыстары ерекше атап өтілетін.

Осы жолда оның қол жеткізген айтарлықтай жетістігі де болды. 1986 жылы біздің әріптесіміз Ерназар Қуатбекұлы Сахиев КСРО КОКП ОК және Министрлер Кеңесінің қаулысымен он бес одақтас республиканың бір топ құрылысшы-инженер және сәулетшілері қатарында жас архитектор «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Бұл оның Ақтау қаласында атқарған еселі еңбегіне берілген лайықты марапат еді.

Жұмыс бабында әріптес ретінде қарым-қатынаста болсақ, былайғы өмірде біз дос болып араластық. Достығымыздың дәнекері болған Сыр елінің белгілі азаматы, меценат Махмұт Ыбырайханұлы Нәлібаев болатын. Отбасымызбен бірге өткізген талай қуанышты күндеріміз, мерейтойлық сәттер – бәрі-бәрі есте.

Ерназар Құдай қосқан сүйікті жары Райханмен бірге екі ұл, бір қызды дүниеге әкеліп, үлкен азаматтар етіп тәрбиеледі. Үлкен ұлына Сәулет деген есім берудің Ерекеннің өзінің мамандығына деген айрықша құрметі мен ықыласының белгісіне балаймыз. Сәулет Ерназарұлы Қорқыт ата атындағы университетте ұстаз болып қызмет етті. Кейін Мәскеудегі «Шығыстану» ҒЗИ-де саясаттану мамандығы бойынша аспирантурада оқып, диссертация қорғап, саясаттану ғылымының кандидаты дәрежесін алды. Одан кейінгі Мәскеудің қызымыз бен кіші ұлы Дәулет те біздің университетті бітірген, жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша еңбек етуде.

Ерназар досымыз өмірден ерте кетті. Әрине, өкініміз. Аман қайсы, тағдырдың ісіне көне отырып, «Орнында бар оналар!» деп, артында қалған ұрпақтарына, отбасына амандық, абырой тілейміз. Ерекеннің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы салауат болсын. Біздің ендігі қолдан келеріміз – оның атқарған игі істерін, жүріп өткен өнегелі өмір жолын қимастықпен еске алып, рухына дұға бағыштау. Бұл біздің азаматтық, достық парызымыз.

**Қылышбай БИСЕНОВ,
ҚР ҰҒА академигі,
техника ғылымдарының докторы**

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 31 шілдедегі №1348 қаулысы

ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 наурыздағы №01/1546 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «КаР-Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы мекенжайындағы антенна-дінгек құрылысы үшін көлемі 100,0 (бір жүз) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-086-357 жер учаскесін Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №4 тұрғын кварталындағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мақсатында 219 диаметрлік жер асты жылу желісі жүргізілуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлен иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлен иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 3 қараша болып белгіленсін.

Қала әкімі **С.ҚОЖАНИЯЗОВ**

ШИЕЛІ, ЖАҢАҚОРҒАН, СЫРДАРІЯ, ҚАРМАҚШЫ ЖӘНЕ ЖАЛАҒАШ АУДАҢДАРЫ БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 09.08.2024 жылғы №43-04-10/703 дәлелді қорытындысына сәйкес «Шиелі Жарығы» ЖШС тұтынушыларына 15.08.2024 жылдан бастап электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жабдықтау тарифтерінің өзгергендігі туралы хабарлайды:

1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз – 23,13 тенге, қосымша құн салығымен – 25,9056 тенге.

1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 25,9056 тенге ҚҚС-мен

1.2. Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 25,9056 тенге ҚҚС-мен

2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша құн салығымен)

2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:		
* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ.дейін)	25,36 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	31,09 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ.жоғары)	38,86 тенге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ.дейін)	25,36 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	31,09 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ.жоғары)	38,86 тенге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ.дейін)	25,36 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (101 -170 кВт*сағ. аралығы)	31,09 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (171 кВт*сағ.жоғары)	38,86 тенге

3. Занды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай) –

№	Тұтынушы санаты	Қосымша құн салығынсыз	Қосымша құн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	23,13 тенге	25,9056 тенге
2.	Өзге заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері, басқа да шаруашылық нысандары	23,13 тенге	25,9056 тенге

«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №6000507 мемлекеттік лицензиясы берілген

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 09.08.2024 жылғы №43-02-08/700 дәлелді қорытындысына сәйкес «Энергосервис» ЕЖШС тұтынушыларына 15.08.2024 жылдан бастап электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жабдықтау тарифтерінің өзгергендігі туралы хабарлайды:

1. Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз – 26,79 тенге, қосымша құн салығымен – 30,0048 тенге.

1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 26,6624 тенге ҚҚС-мен

1.2. Занды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 37,2512 тенге ҚҚС-мен

2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша құн салығымен)

2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:		
* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ.дейін)	23,3632 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	29,5904 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ.жоғары)	36,9936 тенге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ.дейін)	23,3632 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	29,5904 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ.жоғары)	36,9936 тенге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1- деңгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ.дейін)	23,3632 тенге
* 2- деңгей	– 1 адамға 1 айға (101 -170 кВт*сағ. аралығы)	29,5904 тенге
* 3- деңгей	– 1 адамға 1 айға (171 кВт*сағ.жоғары)	36,9936 тенге

3. Занды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)

№	Тұтынушы санаты	Қосымша құн салығынсыз	Қосымша құн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	53,9 тенге	60,368 тенге
2.	Өзге заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері, басқа да шаруашылық нысандары	26,79 тенге	30,0048 тенге
3.	ӘМБАТТ мекемелері үшін (Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары)	26,79 тенге	30,0048 тенге

«Энергосервис» ЕЖШС әкімшілігі

ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №6000498 мемлекеттік лицензиясы берілген

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! / ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «20» тамыз 2024 жылы ұлғайту бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «20» августа 2024 года на повышение.

№ р/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан Орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Тұрғын үй/ Жилый дом	Қызылорда қ., Тәкей Есетов көшесі 108 үй/г. Қызылорда, ул.Тәкей Есетова дом 108.	жалпы алаңы – 144 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 80,6 ш.м., жер телімінің жалпы алаңы – 0,069 га./общей площадью – 144кв.м., жилой площадью – 80,6 кв.м., на земельном участке общей площадью – 0,069 га	16 542 498 тенге/тенге	827 124,90 тенге/тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекен-жайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИИ 910141000018, БИК КСЗВКЗКХ, ИИК KZ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к. 46.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 11 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Серік Амандық.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-19-88, ішкі. 79214. Ұялы тел: 87088074846

Заявкі на аукционға қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынов көшесі 54 мекен-жайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИИ 910141000018, БИК КСЗВКЗКХ, ИИК KZ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к. 46.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 11 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Серік Амандық.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-19-88, вн. 79214. Сот: 87088074846

/// БҮГІН – АБАЙ КҮНІ

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА!

Жаңақорған кентіндегі А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор Абай Құнанбайұлының 179 жылдығына арналған «Абай – дана, Абай – дара қазақ!» атты әдеби-сазды кеш өтті.



Шара кітапхана фойесінде ұйымдастырылған «Абайды оқы, таңырқа!» атты кітап көрмесімен басталды. Кітапхана директоры Әсем Манапқызы жүргізген шарада руханият жанашыры, ұстаз Батырхан Жоланов, «Жанақорған тынысы» газетінің бас редакторы Баян Үсейінова Абай

шығармалары жөнінде кеңінен әңгіме өрбітті. Сондай-ақ кітапхана оқырманы Абдулазиз Саяушыұлы ұлт ұстазы А.Байтұрсынның Абай шығармалары жөнінде жазған зерттеулерінен хабарлама жасады. Жастар жетекшісі Наурызбай Орынбасаров та өз ойын ортаға салды.

Шарада мектеп оқушылар дайындаған Ұлы Абайдың өмір жолы мен еңбектері, өлеңдері мен кара сөздері тыңдарман назарына ұсынылып, Абай Құнанбайұлының еңдері орындалды.

Н.НАЗИМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҮНДЕЙТІН ЖАРАСЫМДЫ СӘТ

Осы орайда өңірдегі бірқатар жас буын өкілдерімен жұмыс істеп, көптеген тың идеяларды жүзеге асырып жүрген Жастар ресурстық орталығы көптеген жас үшін үлкен маңызға ие. Мұнда олар өздерін еркін сезініп, ойларын дағы тың идеяларды паш етіп, бір-бірімен пікір алмаса алады.

Мереке аясында облыстық жастар ресурстық орталығына барып, мереке қарсаңында өтіп жатқан іс-шаралардың барысымен танысып қайттық.

3-12 тамыз аралығында онкүндік ұйымдастырылуда. Әр күні тақырыптық атау беріліп, іс-шаралар өтіп жатыр. Барлық іс-шаралар жастардың қабілеттерін шыңдауға бағытталған. Бүгінде жастар жауапкершілік жүгін сезініп, жүктелген жұмысты тыңғылықты атқара алатын күшке ие. Қазір ой жарыстыратын заман. Білім мен қабілетті ұштастырып, ел дамуына күш салып жүрген жастарымызға қолдау көрсету – біздің міндетіміз. Алдағы уақытта мерекеге орай жастардың қатысуымен өтіп жатқан онкүндік аясындағы іс-шаралар қорытындыланып, бірқатар жастар марапатталатын болады, – деді орталық басшысы Әліби Басаров.

Онкүндік аясындағы іс-шаралар 3 тамызда бастау алды.

1-бет

Бірінші күні – «Таза Қазақстан» деген тақырыпта өтті. Бұл күні жастар мен жастар ұйымдарының, волонтерлер мен белсенді экологиялық қозғалыс өкілдерінің қатысуымен тазалық акциялары өтті. Одан соң 4 тамызда – «Жас келсе, іске!» деген атаумен қазақстандық ынталандырушы және көркем фильмдерді, оның ішінде жас режиссерлер түсірген фильмдерді көрсету мақсатында «Asran Cinema» шарасы ұйымдастырылды. Ал келесі күні жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. «Жастар денсаулық орталығының» көшпелі форматтағы ашық есік күні, емханаларда скрининг, «Донор бол!» ерікті түрде қан тапсыру акциясы өтті. 6 тамыз «Ғылым таппай мақтанба!» деп аталып, білім құндылықтары мен зияткерлік қабілетті дамытуға басымдық берілді. Сондай-ақ «Кітап сыйла», «Түнгі кітапхана» акциялары, квиз және интеллектуалды сайыс форматында заманауи ойындар өтті. 7 тамыз – Мейірімділік мекені. Бұл күні қайырымдылыққа арналды. «Ігі істер марафоны», «Әлеуметтік дүкен» қызметі ұйымдастырылды. 8 тамызда «Қазақстан жастары» тақырыбында танымал тұлғалардың қатысуымен түрлі салалар бойынша TED-X форматында

кездесулер өтсе, 9 тамызда орталықтың бастамасымен және жастардың сұранысы бойынша қолға алынған «Мүмкіндіктер алаңы» іс-шарасы өтті.

Сонымен қатар, бүгін «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» тақырыбында Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттауға арналған түрлі байқаулар, челленджер мен бейне құттықтаулар сериясы ұйымдастырылады. Ал ертең «Қорған 24» деген атаумен іс-шара өтеді. Ол жастар арасында зиянды әрекеттердің алдын алуға бағытталған. Онкүндік «Жастармен Бірге!» атты «Open Air» форматындағы кешпен қорытындыланбақ. Аталған кешке жастар арасында танымал өнер өкілдері де қатысады деп жоспарлануда. Іс-шара аясында барлық санаттағы жастар, волонтерлер және жас мемлекеттік қызметкерлер мен жас кәсіпкерлер марапатталады. Сондай-ақ «Тәуелсіздік ұрпақтары» облыстық байқауының жеңімпаздарына номинациялар табысталады.

Жастарды қолдауға бағытталған жұмыс тек мереке күні емес, жүйелі түрде жалғасын табады.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

НЕСИЕ ТӨЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК

– **Өткенде әлеуметтік желіде «банк ұсынатын келісім-шартты оқысыз ба?» деп сауал жолдаған едім. Жауап бергендердің тоқсан тоғыз пайызы оқымайтынын жазды. Осының заңдылығын айтып беріңізші. Оқуған күнде не нәрсеге мән беруіміз керек? Келісім-шартты бұздырып, қайта жасатуға бола ма?**

– Адамдардың көбі бөлімшелерде шартпен мұқият танысуға құлықсыз. Бірақ бұл немқұрайлы қарайтын нәрсе емес. Ақша жүрген жерде жауапкершілік болуы керек. Келісім-шарт банктердің ресми сайттарында тұр. Сондықтан несие алу үшін бөлімшеге бармас бұрын шартты және басқа қажетті құжаттарды үйде асықпай зерттеп-зерделеу қажет. Оған қол қойғаннан кейін «сақтандыру сомасы көп сияқты, тұрақсыз айыппұл мөлшері төмен болғанымен, ессесіне сыйақыны жоғары етіп көрсетіпті» деп сан соғатындар кездеседі. Болары болып, бояуы сіңгесін өкінгеннен пайда жоқ. Шартқа қол қойғасын ешкім міндеттемеден босатылмайды. Ақыл-есі кем, есірткіге тәуелді дегендей белгілі бір топтағылар болмаса, келісім-шартты бұзуы екіталай. Келісім-шартты ешкім ойдан шығармайды. Қазақстандағы коммерциялық банктер мемлекет тарапынан Ұлттық банк арқылы қатан қадағаланады. Банктер өздерінің банк қарызының шарттарын Ұлттық банк шарттарына сәйкес құрастырады.

– **Несие пайызы кейде банк белгілеген мөлшерден жоғары көрінеді, неге?**

– Мысалы, банк 7 пайыз дегенмен, сыйақы мөлшерін арттырып көрсетуі мүмкін. Себебі осыған байланысты. Келісім-шарт талабы көңіліне жақпаған адам басқа банкке жүгіне алады.

– **Сақтандыруға келісу міндетті ме? Ол не үшін керек? Сақтандыру сомасын екі апта ішінде қайтаруға болатынын рас па?**

– Сақтандыру ерікті және міндетті нысандарға жүзеге асырылады. Міндетті түрі бойынша адам жазатайым жағдайға түскен немесе қайтыс болған кезде міндетті түрде сақтандыру сомасын қайтарып ала алады. Сақтандыру сомасын тауабытты, созылмалы ауру салдарынан көз жұмған жағдайда қарастырмайды. Шартқа көрсетілген ақшаны құжат өткізсе болды, аты-жөні жоқ, қайтарып бере салмайды. Адамның қайтыс болу себебін жан-жақты зерттеп-зерделеуі. Тәжірибемде сақтандыру компаниясы жазатайым оқиға кезінде көз жұмған тұрғынның несиеінің өтелмеген бөлігін төлеп берген жағдай болды. Ерікті сақтандыру шартына банк клиенті қол қоймаса да болады. Несие алушы сақтандыру сомасының белгілі бір бөлігін келісім-шартқа көрсетілген мерзімде қайтарып ала алады. Бірақ көбі оны оқымайды немесе ұмытып кетеді.

– **Жақын-соңына өз атынан несие әперіп, ақыр жағдайда өзі сорлап жүргендер бар. Оларға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Үшжақты шарт болмаған соң несие алдырған адам міндеттемеден босатылады. Адамгершілікпен кінәсін мойындап, өзара келісіп, қарызын жауып жатса, құба-құп. Ал адамгершіліктен айнып, төлемей қойса, соттасудан басқа амал жоқ. Ол үшін мессенджер арқылы сөйлескен аудио, мәтіндік хабарламаларды нотариалды түрде куәландырып, айғақ ретінде ұсыну керек. Баяғыдай қолхат жаздырып алу міндетті емес. Дауасы – ешкімге несие әпермеу.

Сонымен қатар көпшілікке сенімді адамына ғана кепілгер (гарант) болуға, лажи келсе, ешкімге кепілгер болмауға кеңес берер едім. Несие алушы өзі төлей алмаса, кепілгер төлейді. Одан отбасының тыныштығы, жұмыстың пәтуасы кетеді. Осы жағын жақсылап ойлану керек.

– **Банктен «Пәленсе деген туысыңыз сіздің нөміріңізді тіркеткен» деп мазалайды. Ондайда не істеуге болады?**

– Расымен танысаңыз, «иә, танымын, ескертпеңіз» деп жауап берген жөн. Банк қызметкерлері ерікпеннен хабарласпайды. Әйтпесе, солар ескертусіз сот актісін шығартып алып, алты ай оның орындалуын күтіп, нәтиже шықпаған жағдайда борышкерді әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тарта алады. Бірақ банктер ондайға барып жатқан жоқ. Несие төлеуден қашып құтыла алмай деген – бос әурешілік. Несие төлеу мәдениеті қалыптасуы керек. Банктен мазалағанын қаламасаңыз, қол орталығына хабарласып, өзіңізді тізімнен алдырып

1-бет

тастай аласыз.

– **Ал коллекторлардың «үйіңізді тартып аламыз, пәлен-түген» деп қорқытуына негіз бар ма?**

– Коллектор – банктің несиеісін сатып алушы заңды тұлға. Оған клиенттер туралы бүкіл дерек ұсынылады. Сотқа дейін ескерту жұмысын жүргізеді. Одан кейін сотқа беріп, қарызды өндіруге жұмыс істейді. Қазақстанда екінші деңгейлі 17 банк, 201 шағын несие ұйымы тіркелген. Облыста 17 банктің бес-алтауы ғана жұмыс істеп тұр. Оларға борышкердің соңында өздері жүргенше бұл істі коллекторға тапсырған ыңғайлы.

Коллектор хабарласқанда қорқып-үрқудің қажеті жоқ. Конституцияға сәйкес адамды дүние-мүлкінен тек төтенше жағдай, соғыс жағдайы кезінде және сот шешімі негізінде ғана айыра алады. Одан бөлек біреудің үйіне баса-көктеп кіруге, мүлкінен айыруға ешкімнің құқығы жоқ. Коллектор алдымен ескертуі керек. Сот шешімі шыққасын оны сот орындаушыға өткізеді. Белгіленген мерзімде орындалмаса, сот актісін тәртібін өзгерту туралы шешім шығарта алады.

– **Онлайн-несие шыққалы алаяқтардың араны одан сайын ашыла түскен сияқты. Күзінді қоңырау кезінде адам өзін қалай ұстауы керек? Онлайн несиеінің қауіпі неде?**

– Үйленгендеріне екі ай да өтпеген келіншек күйеуін қарызға батырған оқиға болды. Жолдасы жолсерік екен. Күйеуі жұмысқа кетерде «менікі жұмыс істемей қалды» деп телефонны алып қалған. Мұның ойында ештеңе жоқ, алаңсыз жолға шыққан. Банк карточкасын да үйде қалдырып кеткен. Сөйтсе, әйелі банк арқылы күйеуінің атынан 2 млн теңге рәсімдеп, карточка арқылы банкоматтан ақшаны қолма-қол алған. Үйге келгесін енесімен ұрысып, соны сылтау етіп затын жинап, үйден кетіп қалған. Жолдан келген күйеуі мойнында несиеісін барын арада бір ай өткенде банктен қоңырау сокқанда бір-ақ білген. Әйелдің банкоматтан ақша алған сәті түскен видеодан басқа айғақ болған жоқ. Барлық жерде күйеуінің электронды цифрлы қолтаңбасын пайдаланған. Сондықтан телефонды да ешкімге беруге болмайды.

Алаяқтарға көбіне егде жастағы кісілер ұрынып қалады. Қол қоймаған, өзі рәсімдемеген, өзі алмаған несиеге байланысты сот арқылы дауласа алады. Онлайн несиеіні өз басым құптамаймын. Оның тиімсіз жағы – қандай пайыз, қандай сыйақы белгіленгені несие берушіге ғана белгілі. Әсіміпұл төлеу мерзіміне де көп адам мән бермейді. Қарызымнан толық құтылдым деген адамның 500 теңгесі үш айда 20 мың теңгеге жеткені бар.

– **«Несие тарихын түзетін беремін» дейтіндерге несиеге бола ма? Банктің «қара тізіміне» адамдар қалай ілінеді? Одан қалай шығады?**

– Несие тарихын өзгертпін беремін дегенге өз басым сенбеймін. Ол дұрыс болуы үшін айлық тұрақты, кемінде алты ай бойы зейнетақы жарнасы түсіп тұрған болуы керек. Банктің «қара тізімі» деген ұғым еш жерде жоқ. Несие беру-бермеу мәселесін әр банк өзінің ішкі тәртібіне қарай бекітеді. Адамдар өзін «қара тізімнен» шықтым деп ойлайды. Бірақ ондай тіркесті еш жерден таппадым. Бұл – жұрт арасындағы жәй сөз.

– **Несиеіні өтей алмағанда банк қандай заңға сәйкес шотты бұзғандайды? Оны клиентке алдын ала ескертуге міндетті емес пе?**

– Ұлттық банк пен екінші деңгейлі банктер өзара меморандум жасасқан. Меморандумның бір-біріне жәрдемдесу туралы тұсы бар. Мысалы, несиеіні бір банктен, айлықты екінші банктен аласыз. Несиеіні төленбесе, меморандум тәртібіне сәйкес жалақы беретін банк жалақыңыздың белгілі бір бөлігін ғана бұғаттайды, қалғаны қолыңызға тиеді.

– **Ерлі-зайыптының бірі қарызға батса, ортақ мүлік қалай есептеледі?**

– Ендігі жерде несие сомасы 3,7 млн теңгеден артық болған жағдайда ерлі-зайыптылардың өзара келісімі болуы міндеттеліп отыр. Ортақ мүлік болса, соның есебінен төленеді. Ерлі-зайыптылардың бірінің келісімі болса, соның жалақысынан ұсталады. Ал келісімінсіз алғаны үшін, төлеп беруге міндетті емес.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан
Нәзерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// МАМАН КЕҢЕСІ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «СУ-ДЖОК» ТЕРАПИЯСЫ

Баланың сөйлеу қабілеті дұрыс болса, оған өз ойын айту оңайырақ тиеді. Қоршаған ортаны танауда, оның мүмкіндіктері неғұрлым кең болып, құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынасы толыққанды болса, онда оның психикалық дамуы белсенді болғаны. Өкінішке қарай кейінгі уақытта сөйлеу қабілеті бұзылған балалар саны күрт өсіп кетті.

Нақты кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытумен айналысатын ұйымдардың арсеналында кең практикалық материал бар, оны қолдану баланы тиімді сөйлеу дамуына ықпал етеді. Барлық практикалық материалды шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Баланың қолдары мен аяқтарында дененің барлық мүшелері мен аймақтарына сәйкес келетін биологиялық белсенді нүктелер қатаң тәртіпте орналасқан. Дефектолог-мұғалімнің аутизм диагнозы бар балалармен түзету жұмысында «Су-Джок» массажын жасаудың өзектілігі мынада:

– біріншіден, мектеп жасына дейінгі бала өте икемді және оңай оқытылады, бірақ мүмкіндігі шектеулі балалар тез шаршайды, оқуға деген қызығушылығы жоғалуымен сипатталады. Ал «Су-Джок» массажын пайдалану

бұл мәселені шешуге көмектеседі; – екіншіден, бала саусақтары мен алақандарын уқалауды ұнағанды, бұл саусақтардың ұсақ моторикасына пайдалы әсер етіп, сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Мен өз тәжірибемде массаж металл сақиналары бар массаж шарлары түріндегі «Су-Джок» массажерлерін және алақандағы нүктелерді саусақпен басу техникасын қолданамын. Допты алақандағы аймақтарды ынталандыруға болады, ал массаж сақиналары саусақтарға қойылады.

Баланың қолдарында ми қыртысының әртүрлі аймақтарымен өзара байланысты нүктелер бар. Сөйлеу органдары мен жүйелерінің сәйкестік аймақтарын анықтай отырып, алдын алу және түзету мақсатында оларға әсер етуге болады. Адамның сөйлеуі негізінен ми қыртысында

орналасқан екі аймаққа жауап береді. Бұл сенсорлық немесе импресивті сөйлеуге жауап беретін Вернике аймағы. Бұл аймақ сөйлеуді қабылдауға жауап береді. Ал экспрессивті сөйлеуге жауап беретін Брок аймағы – адамның өзі дыбыстарды айтуы. Бұдан шығатын қорытынды, сөйлеу дамуын ынталандыру үшін миға сәйкестік нүктелеріне әсер ету керек.

«Су-Джок» массажын жасағанда қолдың осы жерлеріне ерекше назар аударған жөн. Сонымен бірге басқа органдардың сәйкестік нүктелеріне де әсер ету керек. Бұл денені сергітеді, көңіл-күйді көтереді, сондықтан массаждан қосымша пайдалы әсерге қол жеткізіледі.

Жалпы, бұл терапия саусақ ойындарымен, мозаикамен, шілтермен, люкпен, модельдеумен, сурет салумен бірге балалардың сөйлеу тілінің дамуын белсендіреді.

Руслан НҮРҒАЗЫҰЛЫ,
балалар мен ересектер
«Су-Джок» массажисі

www.facebook.com/syrboiy.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыруға газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.